

Досай КЕНЖЕТАЙ: «Аллаға оралу мекені Сирияда емес, әркімнің жүрегінде, өз Отанында»

– Қазіргі ислам әлемінің шаңырағын шайқалтып, адамзат қоғамына қауіп төндірген ДАИШ террористік ұйымының әрекеттері мен идеологиясына көзқарасыңызды білдіріп кетсеңіз.

– Сириядағы содырлардың «Ислам мемлекеті» деген лаңы жаһандық күштердің бүгінгі ең ықпалды жобасы болып отыр. Батыс ориентализмінің тарихын ақтарып отырып, Эдуард Сайидтің шарифат негізіндегі ислам мемлекетін құру идеясын Батыстық республикалық жүйеге қарсы оппозициялық агрессиялық сананы мұсылмандарға егумен азықтандырып отыру басты саяси ойын екенін көруге болады. Жалпы, жаһандық тепе-теңдік қарама-қайшылықтардан тұруы тиіс деген ұстаным, бұл – христандық саяси орталықтарға тән түсінік. Ал ислам өркениетінің теоретиктерінен Ибн Халдун, «қала мен дала» (хадра уа уадийу) арасындағы тепе-теңдік теориясын табиғи үйлесім ретінде көрсетіпті. Қазіргі жаһандық саясат та батысты – «қала», шығысты (мұсылман әлемі) «дала» ретінде танып, табиғи диалектика ретінде қарастыруын жалғастырып келеді. Себебі, Батыс пен Шығыс диалектикасы саяси ойындарында мұсылман әлемі тұрақсыздық пен қаржы құралы ретінде орын алып келеді. Осы ғаламшардағы, фани дүниедегі диалектикалық орта, ақша табу, ақша шашу, мұсылман қанымен, басқаларды исламофобиямен үркітіп, дегеніне көндіріп, әлемді уысына ұстап отыру – негізі керемет жаһандық саяси орталықтандырылған жүйе. Бұл жүйеге мұсылмандарды орталықсыздандыру, ыдырату, санасын тұмшалау, тек ашуы мен ызасын туғызып, агрессиясына жоғары технологиялық қару арқылы жауап беру, мұсылмандарды өзара қырқыстырып мал табу – адамзаттың адамдықтан алшақтауы. Армагедон теориясының практикадағы траекториясы – адам адамның қасқыры. Мұндайда дін де ештеңе істей алмайды. Себебі, бұл – теологияның кризисі. Енді тек мұсылмандар үшін ғана емес, жалпы әлем үшін Аллаға тәуекел ету ғана қалады.

– Қазақ жастарының содырлар қатарына қосылып, қолдарына қару алуын ұлтқа төнген қауіп деуге әбден болады. Осы келеңсіздіктің себеп-салдары, саяси астары туралы не айтасыз?

– Қазір Сириядағы содырлардың методологиясында ақыл емес, тек нақылдағы бұйрықтарды орындау сияқты тәуекелшілдік ұстанымы қалды. Бұл адам құндылығын ұмытып, тек қана өлімге, жихадқа, шахидтікке бағытталған идеологияны көріктеп жатыр. Осы құбылыстан тыс қалмаған қазақ жастары да «Дәлелің бар ма?» деген сұрақтар төңірегінде нақылды ғана тану, өзін ұмытып, жаттану үдерісін басынан өткеруде. Дәлел іздеу – жақсы

құбылыс. Себебі, адам рухының тыныштығы үшін мазалаған сұрақтарға жауап алу, қанағат табу, уәжді тұжырымға келу шарт. Дегенмен, «дәлелдің жоқтығы, сол жоқтың дәлелі емес». Егер дәлел жоқ деп отырса, мұсылмандар тарих бойы Құраннан, сосын сүннеттен, ижмадан, сосын қиястан дәлел жауап іздеп әуре болмас еді. Қала берді, мәзһабтар, фикх, калам мектептері қалыптаспаған болар еді. Бұлар – мұсылмандардың бүгінге дейінгі діни тәжірибесі...

Рас, қазіргі жаһандық үдерісте, уақыттың адамды езіп жатқан кезінде, жастарымыз өз бетінше ізденуден не оқудан гөрі, дайын таным, мәлімет, не құлақпен естіп, «таклиди» иман деңгейінен шығудан қашады. Оның да психологиялық себептері жоқ емес, әрине. Ақиқатты Алламен, адаммен, тәжірибемен, нақылмен салыстырып отыру – адамның табиғатында бар құбылыс. Осылардың ішінде ақиқатты Алламен салыстырып, өздерін кішкентай ғана айна ретінде танытатындар болған. Солардың бірі әрі бірегейі Яссауи бабамыз былай дейді: *«Алла мен адам арасындағы байланыста әмбебап нәтижелерге жету мүмкін емес. Осы шындық деген танымның бір бұрышын ғана жарықтандырып алсақ, қанеки. Ақиқаттың бір бұрышы сенің жүрегіңнен өтеді. Сенде бір айнасың, әрбір адам – айна. Адам сол айнадан ақиқаттың бір бұрышын ғана "көре" алады. Онда да көкірек көзі ашылса. Ал Алланың ақиқатын тұтас көрдім деу – нағыз надандық. Себебі, ол – Жаратушы, сен – жаратылғансың, ол шексіз, сен фанисің, шектеулісің, ол кемел, сен нұқсансың, міне, ақиқатпен өзіңді осылай салыстырып қарай алсаң, жахил екеніңді сезіне түсесің»* дейді. Сол жүрегіне Алла ақыл, жан берді аманат қылып. Сондықтан сен ақылдысың, бірақ адам «ақиқатты тұтас таныдым, Алла осы, ақиқат осы» деп айқайлау – ақылды адамды надан қылып көрсететін өлшем.

ДАИШ содырларының бүгінгі ұстанымы ақиқатты тек өздері ғана танып, түсінгендей, әлемге ислам жолын қайта жасап жатқандай насихаттау екендігі мәлім. Білесіздер, Ұлыбританиялық басылым «Ислам мемлекеті» ультра-радикал діни ұйымы таратты» деп сипатталған қазақ тілінде кәмелетке толмаған жас балалар түскен бейнежазба жариялады. Өрімдей жастарды осылай жариялауы олардың Қазақстанға деген көзқарасы мен бағалауының ең төменгі дәрежесі екендігін байқауға болады. Олар қазақ елі дін жағынан ең сауатсыз ел деп қарағанының көрінісі. Әйтпесе, ықпалды видео жас балаларды емес, ол жердегі идеологиялық негіздермен келуі керек еді. Бұл жерде сауатсыз қазақтың жастарын үлкен жаһандық жобаның құралы ретінде ғана ұстап отырғандығын көрсетеді. Сол сияқты, содырлардың «әл-хаят» атты медиа орталығы даярлаған бейнежазбада адамдар арабша және қазақша сөйлейді. Үш қатар субтитрлердің бірі ағылшын тілінде жазылған. Басылымның сипаттауынша, бейнематериалдың толық нұсқасының басында «хижра жасап, Аллаға оралған қазақстандық бауырлар» деп сипатталатын бір топ адам көрсетіледі. Негізінен, Аллаға оралудың мекені Сирия емес, ол әркімнің жүрегінде, санасында, танымында,

өз елінде болатындығына ой жүгіртпеген кез келген мұсылман осы тұзақтың құрбаны бола береді.

Ал үзінді видеода өзі сияқты әскери форма киген қатарластарының алдында шамамен бастауыш сынып жасындағы бала Калашников автоматын жылдам құрастырып, нысана көздейді. Одан кадр сыртындағы адам қазақша: «Атың кім? Қай жақтан келдің? Қайда тұрасың? Өскенде кім боласың?» деген сұрақтар қояды. Ол: «(атым) Абдулла. Қазақстаннан (келдім). Ислам халифатында (тұрам). Өскенде, кәпірлер, сендерді бауыздайтын муджахид болам» деп жауап береді. Міне, нағыз "исламофобия", мұсылманды, қазақты басты құндылығы рухани тірегі исламнан бездіру дегеніміз осы. Калашников автоматы – символ ретінде, уаххабистердің қаруы. Оларға бұдан артық қару берілмейді де. Бірінің етін бірі жесін, бірінің қанын бірі төксін деп беріледі. Мұсылманды мұсылманға айдап салу тактикасы.

– Былтыр «жиһад» қылу мақсатында елімізден кеткен 150 отбасы туралы видео әлі есімізде. Мұның артынша қазақстандықтардың Сирия мен Ирактағы қарулы қақтығыстарға қатысып жатқанын растайтын және бірнеше видео интернетте дүркін-дүркін жарияланды. Одан кейін Ұлттық қауіпсіздік комитеті (ҰҚК) ДАИШ экстремистік ұйымына қосылған Қазақстан азаматтарының саны 300-ден асқанын хабарлады. Осындай жарияланымдар да бір түйткілдің шетін тарқататын сыңайлы...

– Иә, бұл жарнамалар Қазақстанның ішкі, сыртқы саясатқа тартылуын, сосын, елдің тыныштығы мен тұрақтылығына сына қағу үшін ұйымдастырылып отыр. Қазақ «Іштен шыққан жау жаман» дейді, яғни, өз бауырларыңды қарсы диалектикалық жаққа шығарып, қазақты жікке бөліп, екі лагерьде шабыстырып қою, исламды батыстық жобаларға қолдану, тәуелсіз елдің зайырлылық ұстанымына қарсы, елдің ертеңі мен баяндылығына қарсы күш қалыптастыру – арандату әрекеті. Ал исламның саясилануы дегеніміз – батыстық шаблонға қарсы (құқық мемлекеттік құрылым, мораль, орталықтану жаһандану, техникалық өркениет, ватикан саясатына) революциялық наразылыққа исламды құрал қылып, идеологиялық негіз ретінде алып, жалаң қолмен «исламофобияға», яғни, батыстық жобаға жем болу деген сөз.

– Әңгімеңізге рахмет!

Сұхбаттасқан Жайық НАҒЫМАШ